

"Кен іздеушілікке арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 339 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 17 наурыздағы № 103 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 19 наурызда № 38172 тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кен іздеушілікке арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 339 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16985 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 265-бабының 10-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кен іздеушілікке арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кен іздеушілікке арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 265-бабының 10-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және кен іздеушілікке арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау тәртібін айқындайды.

Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалар бекітілген, өзгертілген және (немесе) толықтырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға және көрсетілетін қызметті берушіге береді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы" ақпараттандыру объекті (бұдан әрі –

ЖҚПБП) арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген құжаттарда бірге, осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тіркелген құжаттары бар өтініш ЖҚПБП-да тіркелудің бірегей есептік нөмірін, күні мен уақытын (сағатын, минутын) бере отырып тіркеледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Берілген өтініш туралы мәліметтер ЖҚПБП-да автоматты түрде орналастырылуға жатады және мыналарды қамтиды:

1) өтініш берушінің тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) өтініш иесі пайдалануға беру үшін сұрап отырған кен іздеушілік учаскесі аумағының координаттарын;

3) өтініш келіп түскен күн мен уақытты қамтиды.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ЖҚПБП арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көрсетілетін қызметті беруші 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың дұрыстығын және Кодекске сәйкестігін тексереді және келесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін береді:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кен іздеушілікке арналған лицензияны, қайта ресімделген лицензияны беру;

2) Тізбедегі 9-тармақта көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдау өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушының тыңдау туралы хабарламасын көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын ЖҚПБП-да қалыптастырады және автоматты түрде көрсетілетін қызметті алушының ЖҚПБП-дағы жеке кабинетінде орналастырады. Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші оң нәтиже немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды рәсімдейді.

Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты бас тартуға негіздер болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші дәлелді бас тарту туралы шешім қалыптастырып, оны ЖҚПБП арқылы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың прокурорына (бұдан әрі - прокурор) келісуге жібереді.

Прокурор шешімді алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімді келіседі не келісуден бас тартады.

Прокурормен келісу нәтижелері бойынша қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті беруші инвесторлар тізіліміне енгізілген көрсетілетін қызметті алушыны прокурордың жауабы келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер ЖҚПБП арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі."

1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Жасанды интеллект

және цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және

құрылыс министрінің

2026 жылғы 17 наурыздағы

№ 103 Бұйрыққа

1-қосымша

"Кен іздеушілікке арналған

лицензияларды беруге

өтініштерді

беру және қарау" мемлекеттік

қызметтер көрсету

қағидаларына

1-қосымша

нысан

(мемлекеттік органның атауы)

жеке тұлғалар үшін өтініш
берушінің тегі, аты, әкесінің
аты (бар болса), жеке сәйкестендіру
нөмірі, байланыс деректері

Кен іздеушілікке арналған лицензияларды беру туралы өтініш

Кен іздеушілікке лицензия беруіңізді сұраймын

	Өтініш беруші туралы мәліметтер
1.	Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер
	Өтініш беруші пайдалануға беруді өтінген кен іздеушілік учаскесін айқындайтын аумаққа

2.	бұрыштық нүктелердің географиялық координаттары және жалпы ауданы көрсетілген масштабта көрсету
----	---

Кен іздеу учаскесінің ауданы: _____

Учаскенің географиялық координаттарда орналасуы:

Бұрыштық нүктелер №	Бұрыштық нүктелердің координаттары	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
		градустар	минуттар	секундтар	градустар	минуттар	секундтар
1							
2							
...							
3.	Қоса берілетін құжаттардың тізбесі:						

1) _____ 2) _____

3) _____ 4) _____

(құжаттардың атауы және парақтар саны)

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ деректері;

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қою күні мен уақыты.

20 __ жылғы " __ " _____ сағат ____ минут.

Бұйрыққа 2-қосымша
"Кен іздеушілікке арналған
лицензияларды беруге өтініштерді
беру және қарау" мемлекеттік
қызметтер көрсету қағидаларына
2-қосымша
нысан

_____ (мемлекеттік органның атауы)

_____ жеке тұлғалар үшін – көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі (болған кезде), байланыс деректері

Кен іздеушілікке арналған лицензияны қайта ресімдеуге өтініш

Лицензияны қайта ресімдеуді сұраймын

	Өтініш беруші туралы мәліметтер	
	жеке тұлғалар үшін- көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), азаматтығы,	

1.	көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және берілген күні, көрсетілетін қызметті алушының салық төлеуші ретінде тіркелгені туралы мәліметтер	
2.	лицензияның нөмірін (лерін), лицензияны берген берілген күнін көрсету	
3.	қызмет түрінің толық атауын көрсету	
4.	лицензияны қайта ресімдеу негіздемесі немесе себептерін көрсету	

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ деректері; өтініш берушінің ЭЦҚ-мен қол қою күні мен уақыты.

20 __ жылғы " __ " _____ сағат ____ минут.

(құжаттардың атауы және парақтар саны)

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ деректері;

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қою күні мен уақыты.

20 __ жылғы " __ " _____ сағат ____ минут.

Бұйрыққа 3-қосымша
"Кен іздеушілікке арналған
лицензияларды беру" мемлекеттік
қызметті көрсету қағидаларына
3-қосымша

"Кен іздеушілікке арналған лицензияларды беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетілетін қызмет берушінің атауы	Облыстардың жергілікті атқарушы органдары
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілі	Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы (бұдан әрі – ЖҚПБП)
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	7 (жеті) жұмыс күні
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрандырылған)
5.		Кен іздеушілікке арналған лицензия, қайта ресімделген лицензия немесе осы Тізбемен көзделген жағдайларда және

	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және цифрлық объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) ЖҚПБП – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады)</p>
		<p>1. Лицензия алу үшін:</p> <p>1) кен іздеушілікке лицензия беру туралы өтінім;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және кен іздеушілік кезінде пайдалану жоспарланып отырған механикаландыру құралдары мен жабдықтардың тізбесін, сондай-ақ кен іздеушіліктің учаскесінде өткізу жоспарланып отырған кен іздеушілік бойынша жұмыстардың түрлері мен тәсілдерін сипаттауды қамтитын құжаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>3) егер көрсетілетін қызметті алушы механикаландыру құралдарын кен іздеушілікке лицензияның қолданылуының бірінші жылы ішінде пайдалануға</p>

8.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

ниет білдірсе, кен іздеушілік жоспарының электрондық көшірмесі;

4) жер пайдаланушының немесе жер учаскесінің жеке меншік иесінің, сондай-ақ аумағында өтініш берілетін жер қойнауы учаскесін пайдаланушының ЖҚПБП арқылы қол қойылған келісімі;

5) егер көрсетілетін қызметті алушы механикаландыру құралдарын кен іздеушілікке лицензияның қолданылуының бірінші жылы ішінде пайдалануға ниет білдірсе, кен іздеушілік жоспарының электрондық көшірмесі.

Лицензия: жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтер өзгерген: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) өзгерген, лицензияның мерзімі ұзартылған; жер қойнауы учаскесі аумағының шекарасы өзгерген жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

2. Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) кен іздеушілікке лицензияны қайта ресімдеуге өтінім.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (

9.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер

- мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) бар болуы;
- 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған шешімінің бар болуы;
- 5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы;
- 6) өтініш немесе оған қоса берілетін құжаттар Кодексте көзделген талаптарға сәйкес келмейді;
- 7) өтініш берілгенге дейін екі жыл ішінде өтініш иесінің осы Кодекстің 276-бабының 3-тармағымен көзделген негіздер бойынша лицензиясы қайтарылып алынған болса;
- 8) сұралатын аумақ немесе оның бір бөлігі басқа тұлғаға берілген кен іздеушілікке лицензия бойынша жер қойнауы учаскесіне немесе Кодекстің 264-бабының 2-тармағына сәйкес кен іздеушілікке лицензия беруге тыйым салынған аумаққа жатады;

		<p>9) өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде сұралған жер қойнауы учаскесіне (оның бір бөлігіне) қатысты көрсетілетін қызметті алушыға бұрын берілген кен іздеушілікке арналған лицензия тоқтатылды;</p> <p>10) сұралатын кен іздеушілік учаскесінің аумағы Кодекстің 269-бабының талаптарына сәйкес келмейді.</p>
10.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі жанындағы бірыңғай байланыс орталығы: 1465.